

Бал арасы шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 27 мамырдағы N 297 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылы 23 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2374. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 08-3/617 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2011.10.28 № 08-3/617 (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Бал арасы шаруашылығы туралы" Заңының 15 бабының 1 тармағына сәйкес, бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған бекітілсін:

- 1) омартаға ветеринариялық паспорт беру Ережелері;
- 2) омартаның ветеринариялық паспорты.

2. Ветеринариялық департаментіне, Ауыл шаруашылық министрлігінің облыстық аумақтық басқармаларымен, Астана және Алматы қалалары бірлесе отырып, заңнамада белгіленген тәртіпте, осы бұйрықтан туындайтын керекті шаралар қабылдасын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің*

орынбасары - Министр

Бекітілді

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 27 мамырдағы
N 297 бұйрығымен

**Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
ОМАРТАНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ПАСПОРТЫ**

Астана
2003

ОМАРТАНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ПАСПОРТЫ

Берілді _____

(шаруашылық субъектісінің аталуы, иесінің аты-жөні)

Оған тиісті бал арасының саны _____ ұясы
орналасқан _____

(орналасқан жердің аталуы, мекен-жайы)

Ветеринариялық қызмет көрсету жүктеледі _____

(ветеринариялық маманның аты-жөні)

Берілген мерзімі "___" _____ 200__ ж.

Ауданның (қаланың) бас ветеринариялық инспекторы _____
(аты-жөні, қолы)

М.О.

Шаруашылық субъектісінің жетекшісі немесе омартаның
иесі _____
(аты-жөні, қолы)

1. Жалпы мәліметтер

1. Омартаның ветеринариялық паспорты (бұдан әрі - паспорт) ведомстволық және меншік түріне қарамастан әрбір омартаға толтырылады.

2. Паспортқа ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің бас мемлекеттік инспекторы қолын қойып мөрін басып б е р е д і .

3. Паспорт есептілік құжаты болып табылады, ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінде арнайы журналда, онда паспорттың, омартаның иесінің аты-жөні, мекен-жайы, бақылау мерзімі, омартаның саны, санитариялық жағдайы, эпизоотиялық жағдайы және ұсынылған ветеринариялық іс-шаралар, паспорттың күшінің жойылған мерзімі, көрсетіліп тіркеледі және тіркеу саны көрсетіледі.

4. Паспортты ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның

аумақтық бөлімшесінің ветеринариялық инспекторы омартаны тексергеннен кейін сиямен түсінікті және қысқаша толтырады. Омартаны тексеру жылына бір рет көктемде немесе күзде жүргізіледі.

5. Паспорт араның балауыз өнімдерін сатарда, сатып аларда көрсетіледі және белгіленген тәртіпте ветеринариялық куәліктерді 1 және 2 үлгідегі бал араларын және өнімдерін шығаруға сатуға, сондай-ақ бал араларын басқа жерлерге көшіруге берілетін құжат болып табылады.

6. Паспорт шаруашылық субъектісінің жетекшісінде немесе омартаның иесінде сақталады.

7. Паспорт 4 беттегі графалар толтырылғаннан кейін және оны ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне көрсеткеннен кейін жаңа паспортпен алмастыруға жатады.

2. Омартадағы ветеринариялық-санитарлық жағдай

8. Ерікті түрде жазылады:

1) ара үйшіктерінің орналастыру ара қашықтықтары, боялғандығы, нөмірінің, ұшу алаңдарының болуы;

2) омартаның аумағының және омарталар қойылатын коралардың, қосалқы омарталардың, ұя рамаларының, ақырлардың, кенептердің, жылытқыш көпшіктердің, ветеринариялық-санитарлық жағдайы;

3) дезинфекциялық техниканың, дезинфекциялық құралдардың, санитарлық-гигиеналық бағыттағы нысандардың, сондай-ақ қол жуғыш, арнайы киімдер, дәретхана болуы;

4) омартаның өнімділігі, бал арасы аналығының және олардың көбеюінің жағдайы;

5) омартада биылғы немесе өткен жылы алынған бал арасының аналықтарының, егер растайтын құжаттары болған жағдайда, бал арасының тұқымы көрсетіледі;

б) лауазымы және қолы.

Бақылау мерзімі

Омартаны бақылаудың нәтижелері

3. Омартадағы эпизоотиялық жағдай

9. Ветеринариялық маман немесе ветеринариялық зертхана қойған, алдын ала немесе қорытынды диагноз.

10. Аурудың шыққан мерзімі және жұғу көзі.

11. Карантиннің (шектеудің) қойылу және алыну мерзімі және қай мемлекеттік органның шешімімен қойылған, алынған.

12. Лауазымы және қолы.

Аурудың аталуы және шығу мерзімі	Аурудың жұғу көзі	Карантиннің (шектеудің) қойылу немесе алыну мерзімі
----------------------------------	-------------------	---

4. Зертханалық зерттеулер

13. Патологиялық материалдарды зерттеу нысандары (бал арасы, көбеюі, бал, балауыз, бал тасығыш) және зерттеу нәтижелері немесе диагноз (қойылған жағдайда).

14. Ветеринариялық зертхананың аталуы, экспертизаның нөмірі және ұсынылған ветеринариялық іс-шаралар.

15. Лауазымы және қолы.

Материалдың түскен және зерттелген мерзімі	Зерттеу нысаны	Экспертиза N, зерттеу нәтижелері және ұсынылған ветеринариялық іс-шаралар
--	----------------	---

5. Ветеринариялық іс-шаралар

16. Ветеринария саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік ветеринариялық инспекторының ұсынуымен және бақылауымен, омарта иесінің жүргізетін емдеу және профилактикалық, сондай-ақ дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау және дезакаризациялау жұмыстары.

17. Лауазымы және қолы.

Іс-шаралардың	Орындалған жұмыстардың	Препараттың аты, дозасы,
аталуы және	көлемі (қайталануы)	беткейлігі
жүргізілген		
мерзімі		

Б е к і т і л д і

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 27 мамырдағы
N 297 бұйрығымен

Омартаға ветеринариялық паспорт беру ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1. Ветеринариялық инспекторлардың мемлекеттік ветеринариялық қадағалау объектілеріне ветеринариялық паспорт берудің осы Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" заңының 1 бабының 10 тармақшасына сәйкес жасалынған және ветеринариялық паспортты берудің және толтырудың бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережелер талаптарын аумақтың ветеринариялық инспекторларына, сондай-ақ бал арасын өсірумен, көбейтумен және бал арасы өнімдерін сатумен шұғылданатын, жеке және заңды тұлғалардың орындаулары міндетті болып табылады.

2. Осы Ережелерде қолданылған негізгі ұғымдар

3. Омарта - бал арасымен қоса белгілі бір жерде орналастырылған бал ара ұялары және бал ара шаруашылығымен айналысуға қажетті мүлік.

4. Омартаның ветеринариялық паспорты - ветеринария саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган белгіленген нысандағы құжат, онда бал арасы ұяларының орналасқан жері, иесі, саны, бал аралары ауруларының профилактикасын, емдеуді және диагностикасын, жүргізу мақсатында өткізілген

ветеринариялық өңдеудің мерзімдері мен сипаты көрсетіледі.

5. Ветеринария саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган - өз құзыреті аумағында ветеринария саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын мемлекеттік орган.

6. Омартадағы эпизоотиялық жағдай - нақтылы бір аумақта белгіленген мезгіл аралығында бал араларының жұқпалы ауруларының таралуы туралы мәліметтер жиынтығы.

3. Ветеринариялық паспортты толтыру және беру тәртібі

7. Омартаның ветеринариялық паспорты есептілік құжат болып табылады және оны ветеринария саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның аумақтық бөлімдерінің бас ветеринариялық инспекторлары береді.

8. Омартаның ветеринариялық паспорттыңда көрсетіледі:

1) омартаның иесінің немесе шаруашылық субъектісінің жетекшісінің аты - жөні , мекен - жайы ;

2) омартаның орналасқан жері;

3) омартаға қызмет көрсететін ветеринария маманның аты-жөні;

4) бал арасы ұясының саны;

5) ветеринариялық паспортты берген бас ветеринариялық инспектордың аты - жөні ;

6) омартаның ветеринариялық-санитарлық жағдайы;

7) омартадағы эпизоотиялық жағдай;

8) зертханалық зерттеулер;

9) ветеринариялық іс-шаралар.

9. Омартаның ветеринариялық паспорты ветеринария саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның аумақтық басқармаларының бөлімдерінде тіркеледі .

10. Омартаның ветеринариялық паспорттың эпизоотологиялық талдау жүргізгеннен кейін, қысқаша және анық түрде ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық ветеринариялық инспекторы толтырады .

11. Омартаның ветеринариялық паспорты шаруашылық субъектісінің жетекшісінде немесе омартаның иесінде сақталады.

4. Осы Ережелердің орындалуына міндетті

12. Осы Ережелерді бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК